

Мемлекеттік мекемелер туралы ережелерді бекіту жөніндегі кейбір мәселелер туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2025 жылғы 19 ақпандағы № 50 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 40-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабының 2-тармағына, Маңғыстау облысы әкімдігінің 2025 жылғы 16 қантардағы № 11-02/09 "Маңғыстау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 1 шілдедегі № 187 "Маңғыстау облысының жергілікті мемлекеттік басқару құрылымы туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысына сәйкес, Маңғыстау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мынадай:

- 1) осы қаулыға 1 қосымшаға сәйкес "Маңғыстау облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже;
- 2) осы қаулыға 2 қосымшаға сәйкес "Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже;
- 3) осы қаулыға 3 қосымшаға сәйкес "Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже;
- 4) осы қаулыға 4 қосымшаға сәйкес "Маңғыстау облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже;
- 5) осы қаулыға 5 қосымшаға сәйкес "Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже.

2. "Маңғыстау облысының әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Маңғыстау облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;
- 2) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін оның Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;
- 3) осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің аппараты басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 4 тармақ орыс тілінде жаңа редакцияда, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 26.03.2025 № 74 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Маңғыстау облысының әкімі

Н. Қилыбай

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2025 жылғы "19" ақпандағы
№ 50 қаулысына 1 қосымша

**"Маңғыстау облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы
ЕРЕЖЕ**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Маңғыстау облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Маңғыстау облысының аумағында сәулет, қала құрылысы, құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруының қадағалау мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, пошталық индексі 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, № 41 ғимарат.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

Мақсаттары:

13. Маңғыстау облысы аумағында сәулет, қала құрылысы, құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты Маңғыстау облысының аумағында іске асыру;

1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында лицензиялау мен аттестациялауды жүзеге асыру болып табылады;

2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өзге мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан "Маңғыстау облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелерді шешу үшін қажетті ақпараттарды, құжаттар мен материалдарды сұратуға және алуға;

өз қызметінің барлық мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласы субъектілерінен Маңғыстау аумағында салынуы белгіленген және салынып (реконструкцияланып, кеңейтіліп, жаңғыртылып, күрделі жөндеуден өткізіліп) жатқан объектілер мен кешендер туралы ақпаратты сұрауға және алуға;

салынып (реконструкцияланып, кеңейтіліп, жаңғыртылып, күрделі жөндеуден өткізіліп) жатқан объектілер мен кешендерге кедергісіз баруға және оларда жүргізіліп жатқан құрылыс-монтаж жұмыстарын жедел инспекциялауды жүргізуге;

құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіле басталғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін, осы хабарлама алынған кезден бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей объектілер мен кешендерге баруға;

мемлекеттік нормативтерді бұзуға және (немесе) бекітілген жобалардан (жобалық шешімдерден) ауытқуға жол берілгендігі анықталған жағдайда, жол берілген

бұзушылықтарды тапсырысшының (құрылыс салушының) және (немесе) мердігерлік құрылыс-монтаждау ұйымының (кәсіпорнының) белгіленген мерзімде жоюы туралы нұсқама шығаруға;

тапсырысшылардан танысу үшін осы құрылыс жөніндегі қажетті жобалау және атқару құжаттамасын, сондай-ақ тиісті жобалардың сараптама қорытындысын сұратуға және алуға;

салынып жатқан объектілер конструкцияларының және пайдаланылатын құрылыс материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының жоба талаптарына және мемлекеттік (мемлекетаралық) стандарттарға сәйкестігіне зертханалық зерттеулер жүргізу үшін тәуелсіз зертханаларды тарту;

техникалық және сәулеттік қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалардан осы құрылысқа қажетті жобалық және құрылыстық техникалық құжаттаманы, сондай-ақ тиісті жобалардың сараптамалық қорытындыларын қарау үшін сұрату және олардан қарау үшін алуға;

мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді бұзушылықтарды және (немесе) бекітілген жобалардан (жобалау шешімдерінен) ауытқуларды анықтаған кезде тапсырыс берушіге (құрылыс салушыға) және (немесе) мердігерге құрылыс-монтаждау ұйымына (кәсіпорынға) белгіленген мерзімде бұзушылықтарды жою туралы ұсыным енгізеді;

құқық белгілейтін және жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған жағдайда тұрғын үй және өндірістік объектілердің құрылысын тоқтата тұру;

Басқарманың құзыретіне жататын мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен әкімдік қаулыларының, әкім шешімдерінің, өкімдерінің және мәслихат шешімдерінің жобаларын енгізу;

Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасының талаптарын сақтау бөлігінде мемлекет мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінуге;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды және әкімшілік жазалар қолданады;

тапсырыс беруші (құрылыс салушы) және (немесе) мердігер құрылыс-монтаж ұйымы (кәсіпорын) жіберген бұзушылықтарды белгіленген мерзімде жою туралы және құрылыс-монтаждау жұмыстарын тоқтата тұру туралы ұсыным енгізеді;

қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау;

Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыс әкімінің тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

ҚР "Азаматтық қорғау туралы" Заңында көзделген талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;

Басқарманы цифрландыру және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдау;

Басқарманың құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы іс-шараларын ұйымдастыру, жоспарлау және орындалуын қамтамасыз ету жұмыстарын жүзеге асыру.

Ескерту. 14 тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 26.03.2025 № 74 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

15. Функциялары:

1) объектілер құрылысының сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыру, осы объектілерде сәулет-қала құрылысы тәртібін бұзушыларға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген әкімшілік жауапкершілік ету шараларын қолдану;

2) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы лицензиялауды жүзеге асыру;

3) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы белгіленген заңнама нормаларын, мемлекеттік нормативтік талаптарды, шарттар мен шектеулерді жол берілген бұзушылықтар мен ауытқуларға байланысты бұзушыларға көзделген заңнамалық шараларды қолдану туралы шешімдер қабылдау;

4) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптама жұмыстарын және инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру құқығына сарапшыларды аттестаттау;

5) жобалау құжаттамасының сапасына қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

ұлттық стандарттарға және техникалық шарттарға сәйкес келмейтін құрылыс материалдарын, бұйымдарын, конструкциялары мен жабдықтарын пайдалануға тыйым салу;

сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару ұйымдарын аккредиттеу;

өндірістік объектілерді жобалау, орналастыру және салу үшін;

тексеру және профилактикалық бақылау және қадағалау нысанындағы сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау;

азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыру.

б) инспекциялауды жүзеге асыру:

тапсырысшыда (құрылыс салушыда) оның осы жер учаскесіне тиісті құқығын растайтын құжаттары және оның мердігермен (бас мердігермен) шартының болуына;

сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензияның болуына;

белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманың, жобалар сараптамасының оң қорытындысының, сондай-ақ құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізе бастағаны туралы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыратын органдарға жіберілген хабарламаның болуына;

хабарламада көрсетілген деректердің анықтығына;

құрылысқа қатысушылардың атқарушылық техникалық құжаттаманы, соның ішінде оны бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізу кезінде уақтылы рәсімдеуіне және жүргізуіне;

қолданылатын құрылыс материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының, орнатылатын жабдықтың сапасына, тиісті сертификаттардың болуына;

орындалған (орындалатын) құрылыс-монтаждау жұмыстарының, қолданылатын құрылыс материалдары (бұйымдар, конструкциялар) мен жабдықтардың бекітілген жобалау шешімдеріне және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге, оның ішінде негізгі және қоршау конструкцияларының және ғимараттарды (құрылыстарды) пайдалану сапасының беріктігін, орнықтылығын, сенімділігін қамтамасыз ету жөніндегі нормативтерге сәйкестігіне;

мердігердің (бас мердігердің) құрылыс сапасын жеке өндірістік бақылаудың барлық түрлері мен нысандарын ұйымдастыруына және жүзеге асыруына;

техникалық және авторлық қадағалаумен бірге құрылыстың ұйымдастырылуына және жүзеге асырылуына;

техникалық және авторлық қадағалаудың сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында техникалық және авторлық қадағалауларды (инжинирингтік қызметтер көрсетуді) жүзеге асырудың мемлекеттік нормативтерде белгіленген тәртібін сақтауына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асырады;

тексерулер мен бақылау нәтижелерін жинақтау және талдау;

салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілердің мониторингі және салынып (реконструкцияланып, кеңейтіліп, жаңғыртылып, күрделі жөндеуден өткізіліп) жатқан объектілер мен кешендердің сапасын бақылау;

заңнамада белгіленген тәртіппен қабылдау комиссиясының және мемлекеттік қабылдау комиссиясының жұмысына қатысу;

жойылмайтын бұзушылықтарға жол берген, не жол берілген бұзушылықтарды белгіленген нормативтік мерзімде жоймаған заңды және лауазымды тұлғаларға қатысты заңнамада белгіленген шараларды қолдану.

Ескерту. 15 тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 26.03.2025 № 74 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Басқарманың қызметін ұйымдастырады және басқарады;

2) Басқармаға жүктелген міндеттер мен қызметтердің, облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімі орынбасарының тапсырмаларының орындалуына дербес жауапты болады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Басқарманың қызметкерлерін, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшылары мен орынбасарларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

4) ерлер мен әйелдерді басшылық қызметке ұсыну кезінде гендерлік теңгерімнің сақталуын қамтамасыз ету

5) Басқарманың атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) барлық мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда Басқарманың мүддесін білдіреді;

7) келісімшарттар жасасады;

8) сенімхаттар береді;

9) банктік шоттар ашады;

10) өз уәкілеттігі шегінде Басқарманың барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің бірінші басшыларына орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) Басқарманың қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшыларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мадақтау шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

12) сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне қарсы әрекеттерді күшейту бойынша шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына дербес жауапты болады;

13) бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуге жауапты болады;

14) Басқарманың қаржылық-шаруашылық қызметіне және оған берілген мүліктің сақталуына дербес жауапты болады;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және облыс әкімдігімен оған жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады;

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады;

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2025 жылғы "19" ақпандағы
№ 50 қаулысына 2 қосымша

**"Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы
ЕРЕЖЕ**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Маңғыстау облысының аумағында энергетика, энергия үнемдеу, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, пошталық индексі 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14 шағын аудан, № 1 ғимарат.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

1) аумағында энергетика, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, газбен қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, абаттандыру, санитарлық

тазалық салаларын мемлекеттік реттеу мен басқару саласындағы мемлекеттік саясатты Маңғыстау облысының аумағында іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

3) өз құзыреті шегінде стратегиялық дамудың ағымдағы және перспективалық міндеттерін шешуге бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде комиссияларды құру;

ведомстволық бағынысты ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныстар енгізу;

заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарманың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап арыздар беру;

есепке алу аспаптары жоқ тұтынушыларды газбен жабдықтау және электрмен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтерін есептеуді қамтамасыз етеді және келіседі;

қазандықтардың, жылу желілерінің және тұтынушылардың жылу пайдаланушы қондырғыларының жұмысы мен техникалық жағдайына бақылауды жүзеге асырады;

қазандықтарды, жылу желілерін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының дайындалуын және жүргізілуін және олардың күзгі-қысқы кезеңде жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетеді;

заңнамалық актілерде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау;

Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыс әкімінің тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

ҚР "Азаматтық қорғау туралы" Заңында көзделген талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;

Басқарманың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру;

Басқарманы цифрландыру және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдау;

Басқарманың құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы іс-шараларын ұйымдастыру, жоспарлау және орындалуын қамтамасыз ету жұмыстарын жүзеге асыру.

Ескерту. 14 тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 26.03.2025 № 74 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

15. Функциялары:

1) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша іс-шараларды Маңғыстау облысы даму бағдарламасына енгізуді қамтамасыз етеді, энергия үнемдеу, сондай-ақ энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында ақпараттық қызметті қамтамасыз етеді;

2) жылу маусымына дайындық және оны өткізу қағидаларын облыстық мәслихатқа бекітуге ұсыну үшін облыс әкімдігіне материалдарды әзірлеу және дайындау;

3) есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау жөніндегі коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтыну нормаларын әзірлейді және облыс әкімдігіне бекітуге ұсынады;

4) табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасының (жобасының) орындалуы туралы ақпаратқа талдау жүргізеді;

5) Қазақстан Республикасын газдандырудың бас схемасын іске асыруға қатысады;

6) облыстың инженерлік инфрақұрылымын дамытуды жүзеге асыруға қатысу және бақылау;

7) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды тиісті аумақтың даму бағдарламасына енгізуді қамтамасыз етеді;

8) тұтынушылардың жылу пайдалану қондырғыларын пайдалануын және олардың техникалық жай – күйіне бақылауды жүзеге асырады;

9) жылу көздері, жылу желілері бойынша жөндеу – қалпына келтіру жұмыстарына дайындалу мен жүзеге асыруды және олардың күзгі – қысқы кезеңде жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асыру;

10) қазандықтар мен жылу желілерін (магистральдық, орамшілік) жоспарлы жөндеуді келіседі;

11) мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу, құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау, техникалық – экономикалық негіздемені, жобалау – сметалық құжаттаманы

әзірлеу және пайдалануға берілген объектілерді (кешендерді) қабылдау мен тіркеуді ұйымдастыру;

12) Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер береді;

13) заңды және жеке тұлғалардан бұл туралы ресми сұрау салу түскен жағдайда, өз құзыреті шегінде және заңнама шегінде қажетті материалдар мен ақпаратты беруге;

14) Басқарма қызметкерлерінің мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді;

15) тұрмыстық және коммуналдық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдығын қауіпсіз пайдалану жөніндегі талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

16) елді мекеннің шекараларында тұрмыстық және коммуналдық тұтынушыларға арналған тұрмыстық баллондар мен газбен жабдықтау жүйелерінің қауіпсіздік талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

17) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жылу беру маусымын үздіксіз өткізу үшін отын сатып алуға энергия өндіруші ұйымдардың шығыстарын субсидиялау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Басқарманың қызметін ұйымдастырады және басқарады;

2) Басқармаға жүктелген міндеттер мен қызметтердің, облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімі орынбасарының тапсырмаларының орындалуына дербес жауапты болады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Басқарманың қызметкерлерін, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшылары мен орынбасарларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

4) ерлер мен әйелдерді басшылық қызметке ұсыну кезінде гендерлік теңгерімнің сақталуын қамтамасыз ету;

5) Басқарманың атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) барлық мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда Басқарманың мүддесін білдіреді;

7) келісімшарттар жасасады;

8) сенімхаттар береді;

9) банктік шоттар ашады;

10) өз уәкілеттігі шегінде Басқарманың барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің бірінші басшыларына орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) Басқарманың қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшыларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мадақтау шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

12) сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне қарсы әрекеттерді күшейту бойынша шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына дербес жауапты болады;

13) бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуге жауапты болады;

14) Басқарманың қаржылық-шаруашылық қызметіне және оған берілген мүліктің сақталуына дербес жауапты болады;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және облыс әкімдігімен оған жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады;

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады;

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2025 жылғы "19" ақпандағы
№ 50 қаулысына 3 қосымша

"Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Маңғыстау облысының аумағында табиғи ресурстарды мемлекеттік басқару және табиғат пайдалануды реттеу, жер қойнауын пайдалану және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, пошталық индексі 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14 шағын аудан, № 1 ғимарат.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

1) Табиғи ресурстарды басқару және табиғат пайдалануды реттеу, жер қойнауын пайдалану салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) қоршаған ортаны қорғау, орман және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту, пайдалану және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар желілерін дамыту жөніндегі облыстық бағдарламаларды әзірлеу және оларға әкімшілік ету;

3) облыстық бюджеттік бағдарламалар аясында қалдықтарды жою және орналастыру жөніндегі объектілерді салуды қамтамасыз ету жұмыстарын үйлестіру;

4) мемлекеттік орман саясатын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдауға қатысу;

5) ормандарды күзетуді, қорғауды, молықтыру мен орман өсіруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету, Басқарманың қарауындағы мемлекеттік орман қоры мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар аумағында орман пайдалануды реттеу;

6) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

7) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі өңірлік іс-шараларды әзірлеу және олардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

8) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыру;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттер.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті актілерді қабылдау;

заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

өз құзыреті шегінде комиссияларды құру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарманың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап арыздар беру;

заңнамалық актілерде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау;

Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыс әкімінің тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

ҚР "Азаматтық қорғау туралы" Заңында көзделген талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;

Басқарманың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру;

Басқарманы цифрландыру және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдау;

Басқарманың құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы іс-шараларын ұйымдастыру, жоспарлау және орындалуын қамтамасыз ету жұмыстарын жүзеге асыру.

Ескерту. 14 тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 26.03.2025 № 74 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

15. Функциялары:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау саласында келісімдер мен меморандумдар жасасу;

3) жасыл екпелерді күтіп-баптау мен қорғау қағидаларын облыстық мәслихатқа бекітуге ұсыну үшін облыс әкімдігіне материалдарды әзірлеу және дайындау;

4) жобалардың экологиялық сараптамасын ұйымдастыруды және жүргізуді қоспағанда, өз құзыреті шегінде шаруашылық қызмет объектілерінің мемлекеттік экологиялық сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу;

5) өз құзыреті шегінде қоршаған ортаға эмиссия рұқсаттар беру, оларды қоршаған ортаға эмиссиялар лимиттер белгілеу;

6) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезінде қоғамдық тыңдау ұйымдастыру;

7) қоршаған ортаны қорғау саласында құжаттар әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу, мұндай құжаттардың бастамашылық жобаларын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қарауына беру;

8) қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын сыртқы сарапшыларды (жеке және заңды тұлғаларды) сараптамалық жұмыстар жүргізуге тарту;

9) өз құзыреті шегінде қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу;

10) қалдықтарды басқару жөнінде бағдарламалар әзірлеуді ұйымдастыру және олардың орындалуын қамтамасыз ету;

11) коммуналдық қалдықтардың пайда болуы мен жинақталуы нормаларын әзірлеу және облыстық мәслихатқа бекітуге ұсыну;

12) өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру жөніндегі объектілерді салуға жер учаскелерін бөлу жұмыстарын үйлестіру;

13) қалдықтарды жою және орналастыру жөніндегі объектілерді салуды қамтамасыз ету жұмыстарын үйлестіру;

14) коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуді үйлестіру;

15) қалдықтардың пайда болу көлемдерін бақылауды жүзеге асыру және қалдықтардың пайда болу көлемдерін азайтуға, олардың қайтадан немесе баламалы түрде пайдалану деңгейін арттыруға және көмілуге тиіс қалдықтар көлемін қысқартуға бағытталған іс-шаралар мен экономикалық ынталандырулар әзірлеу;

16) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен табиғи ресурстарды табиғат пайдалануға беру туралы шешім қабылдауға облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

17) табиғат пайдаланушыдан экологиялық рұқсатқа енгізілген табиғат пайдалану шарттарының орындалуы туралы есепті қабылдайды;

18) облыс аумағында тұрған табиғат объектілерінің жай-күйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асыру;

19) қоғамдық экологиялық сараптама жүргізудің тіркелуін жүзеге асыру;

20) қоршаған ортаны қорғау саласындағы инвестициялық жобаларды әзірлеу және оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға табыс ету;

21) өз құзыреті шегінде табиғат қорғау іс-шаралары жоспарларын келісу;

22) коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру;

23) коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекітуге облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

24) парниктік газдар шығарындыларын азайту мен оларды сіңіру жөніндегі жобаларды әзірлеу және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу;

25) мемлекеттік орман саясатын қалыптастыру және оны іске асыру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдауға қатысу;

26) ормандарды күзетуді, қорғауды, молықтырумен орман өсіруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету, өздерінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдалануды реттеу;

27) мемлекеттік орман қоры аумағында ормандағы өрттердің алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралардың жыл сайынғы жоспарларын әзірлеу, бекіту және іске асыру;

28) жеке және заңды тұлғаларды, сондай-ақ ұйымдардың өрт сөндіру техникаларын, көліктері мен басқа да құралдарын ормандағы өрттерді сөндіруге тарту тәртібін айқындау, осы жұмысқа тартылған жеке тұлғаларды жүріп-тұру өрт сөндіру құралдарымен, тамақпен және медициналық көмекпен қамтамасыз етуге облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

29) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өртке қарсы ерікті құралымдардың жұмыс істеуіне жәрдемдесу;

30) орманда өрт қаупі болатын маусымда мемлекеттік орман қоры аумағында өрттерді сөндіру үшін жанар-жағар май материалдарының резервін жасау;

31) шаруа және фермер қожалықтары мен өзге де ауыл шаруашылығы ұйымдарының орман қорына іргелес аумақтардағы ауыл шаруашылығы алқаптарында, жайылымдық және шабындық жерлерде сабантүбін, аңыздарды және өзге де өсімдік қалдықтарын өртеуіне, қау шөбін өртеуіне бақылау жасауды қамтамасыз ету;

32) өртке қарсы насихатты, бұқаралық ақпарат құралдарында ормандарды сақтау, ормандарда өрт қауіпсіздігі ережелерін орындау туралы мәселелердің тұрақты берілуін ұйымдастыру;

33) облыс аумағында ормандағы өртке қарсы күрес жөніндегі жұмыстарды үйлестіру, қажет болған жағдайда осы мақсатта арнайы комиссиялар құру;

34) орман қоры аумағында орман зиянкестерімен және ауруларымен күрес және орманның санитарлық жай-күйін жақсарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

35) орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күресте авиацимиялық, авиобиологиялық және аэрозольдық іс-шаралар жүргізген кезде, сондай-ақ орманда өрт қаупі жоғары болып тұрған кезеңдерде жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салу туралы, орман пайдалану құқығын тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

36) уәкілетті органға беру үшін өздерінің функционалдық қарауындағы орман қорының мемлекеттік есебі, мемлекеттік орман кадастры, мемлекеттік орман мониторингі жөнінде материалдар әзірлеу;

37) өздерінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры учаскелерінде аяқталған объектілерді және орман шаруашылығы іс-шараларын жүргізу нәтижесінде өндірілген дайын өнімдерді қабылдау;

38) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшемелерін (сүректі түбірімен босату үшін мөлшемелерді қоспағанда) жобаларын әзірлеу;

39) уәкілетті органның және облыстың жергілікті өкілді органының қатысуымен өздерінің қарауындағы мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді пайдалануға беру жөнінде тендерлер ұйымдастыру және өткізу;

40) орман ресурстарын сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар, аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген, өз қарауындағы мемлекеттік орман қоры жерлерінде құрылыс объектілерін салуға учаскелер береді;

41) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді орман пайдалану шарттарын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;

42) Басқарманың қарауындағы бағынысты коммуналдық мемлекеттік мекемелердің қызметін үйлестіру мен бақылауды жүзеге асыру;

43) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

44) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы оларға ведомстволық бағынысты органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру, бақылау және қадағалау;

45) жануарлар дүниесін пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен аңшылық алқаптар су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру мен аңшылық шаруашылықтарының қажеттіліктері үшін сервитуттарды белгілеу жөнінде шешімдер қабылдау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

46) бекітілмеген аңшылық алқаптарында жануарларға аурулары, олардың өлу қаупі болған жағдайда оларға көмек көрсету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;

47) аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары үшін жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аңшылық алқаптарды бекітіп беру бойынша конкурстар өткізу;

48) жануарлар ауырып қалған, бекітіліп берілмеген аңшылық алқаптар мен су айдындарында және (немесе) учаскелерінде олардың қырылу қаупі төнген жағдайда оларға көмек көрсету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру;

49) жануарларды, оның ішінде жануарлардың сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру жөніндегі, сондай-ақ қолдан өсіру жөніндегі қызметті ұйымдастыру;

50) аңшылық алқаптарының резервтік қорында жануарлар дүниесін қорғауды ұйымдастырады және қамтамасыз ету;

51) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында ғылыми зерттеулер мен жобалау-іздістіру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру және (немесе) қамтамасыз ету;

52) республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі мен экологиялық желілерді дамыту, республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі ұсыныстарды уәкілетті органға енгізу;

53) өздерінің ведомстволық бағынысындағы орман мекемесінің нышанын (эмблемасы мен жалауын) әзірлейді және Маңғыстау облысының әкімдігіне бекітуге ұсыну;

54) жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді ұйымдастырады және оларға мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуді қамтамасыз ету;

55) уәкілетті органның келісімі бойынша жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі шешімдердің жобаларын әзірлеу;

56) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлуді түзету жобаларын бекіту жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

57) өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару жоспарларын әзірлейді және бекітеді, оларды күзетуді, қорғауды және қалпына келтіруді, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ету;

58) заңды тұлға мәртебесі бар жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшерін бекіту жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

59) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрын жүргізуге қатысу;

60) уәкілетті органмен келісе отырып, өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын әзірлейді және бекітеді және паспорттарды уәкілетті органға тіркеуге (қайта тіркеуге) беру;

61) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың барлық түрін құру үшін жерді резервте қалдыру жөнінде шешімдер қабылдау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

62) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау аймақтары шегінде осы аумақтардың экологиялық жүйелерінің, экологиялық дәліздердің жай-күйіне, сондай-ақ оларды қорғау және пайдалану режиміне теріс әсер ететін қызметтің барлық түрін шектей отырып, осындай аймақтарды белгілеу жөнінде шешімдерді әзірлеу;

63) өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

64) қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-суасты қоры объектілерінің жай-күйіне, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

- 65)жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштері аумағының шекарасын және қорғау режимінің түрлерін бекіту жөніндегі шараларды жүзеге асыру;
- 66)жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын әзірлеу және жергілікті өкілді органға бекітуге ұсыну;
- 67)Маңғыстау облысының әкімдігіне таратылатын жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдардың және азайтылатын аумақтардың тізбесін ұсыну;
- 68)белгіленген режимді сақтай отырып, республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдардың аумағында орналасқан жер учаскелерін пайдалануды жүзеге асыру;
- 69)он мыңнан астам халқы бар елді мекендерде атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларының стационарлық көздерін түгендеуді қамтамасыз ету;
- 70)он мыңнан астам халқы бар елді мекендерде атмосфералық ауаның ластануының жиынтық есептеулерін жүргізуді және олардың негізінде елді мекеннің шекті жол берілетін шығарындыларының жиынтық томын жасауды қамтамасыз ету;
- 71)климаттың өзгеруіне осалдықты бағалауды өз құзыреті шегінде жүргізу;
- 72)климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі басымдықтар мен шараларды өз құзыреті шегінде айқындау;
- 73)климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі шараларды өз құзыреті шегінде жүзеге асыру;
- 74)өз құзыреті шегінде айқындалған, климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі шаралардың тиімділігіне мониторинг пен бағалауды жүзеге асырады және мониторинг пен бағалау нәтижелері негізінде осы шараларды түзету;
- 75)кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу және кен іздеушілік үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беру;
- 76)жер қойнауын пайдаланушылардың кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге, кен іздеушілікке лицензиялар шарттарын сақтауын бақылауды және кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операциялардың жүргізілуіне, кен іздеушілікке мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 77)жер қойнауын пайдаланушылардың пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензияда және "Жер қойнауы және Жер қойнауын пайдалану туралы" Кодексте көзделген өндіру шарттарын сақтауына бақылауды жүзеге асыру;
- 78)өздері берген кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензиялар және кен іздеушілікке арналған лицензиялар туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- 79)бөлшек саудада өткізу үшін бағаны мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін тұтыну болжамын мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға жыл сайын ұсыну;
- 80)мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға өңірлердегі бөлшек сауда бағалары мен қорлар мониторингі туралы мәліметтерді ұсыну;

81) жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттардың, оның ішінде өнімді бөлу туралы келісімдердің және (немесе) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиялардың талаптарын сақтауын бақылауды құзыретті орган (келісімшарттың тарапы болып табылатын және (немесе) жер қойнауын берген мемлекеттік орган) жүзеге асырады. лицензияны пайдалану);

82) жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органының аумақтық бөлімшесімен келісім бойынша пайдалы қазбалар жатқан аумақтарды игеруге рұқсат беру;

83) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге берілген жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге қою келісімшарттарын тіркеу;

84) берілген лицензиялар тізілімін жүргізу;

85) осы Кодексте тыйым салынбаған жер қойнауын пайдалану құқығының кепілі (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес) осындай жер қойнауын пайдалану құқығын беретін тиісті мемлекеттік органда мемлекеттік тіркелуге жатады;

86) жалпы таралған пайдалы қазбалар бойынша тарату қорын пайдалануға рұқсат беру;

87) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар жобасына келісім беру;

88) жер қойнауын пайдаланушымен келісімшарттардың талаптары туралы келіссөздер жүргізу және жер қойнауын пайдаланушымен бірлесіп, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған жобалау құжаттарын дайындау;

89) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 45 бабына сәйкес Жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуына рұқсат беру тәртібі жөніндегі мәмілелерді тіркеу;

90) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, теміржолдарды және гидрокұрылыстарды салу (реконструкциялау) және жөндеу кезінде жер қойнауын пайдалану құқығына рұқсат беру;

91) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттардың орындалуын және қолданысының тоқтатылуын қамтамасыз ету;

92) кең таралған пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттардың қолданысын қайта бастау туралы шешімдер қабылдау;

93) кең таралған пайдалы қазбаларды және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану бойынша келісімшарттық міндеттемелердің орындалуына мониторинг пен бақылауды жүзеге асыру;

- 94) жер қойнауын пайдаланушылар жөнінде сараптамалық материалдар дайындау және ұсыныстар мен тапсырмаларды орындау шараларын алу;
- 95) жер қойнауын пайдалану объектілерін жою немесе консервациялау жобаларын қарау, жұмыс тобының құрамына қатысу, объектілерді келісу және қабылдау;
- 96) құрылыс учаскесі астындағы пайдалы қазбалардың жоқ немесе оның аз мөлшерде екендігі туралы қорытынды дайындау;
- 97) пайдалы қазбалар жинақталған жерлерде жерасты құрылыстарын орналастыруға рұқсат беру;
- 98) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу және кен іздеушілік үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беру;
- 99) жер қойнауын пайдаланушылардың кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған, кен іздеушілікке арналған лицензиялар шарттарын сақтауына бақылау жасау және кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге және кен іздеушілікке бақылау жасау;
- 100) жер қойнауын пайдаланушылардың кен іздеушілікке арналған лицензияда және осы Кодексте көзделген кен іздеушілік шарттарын сақтауына бақылау жасау;
- 100-1) мониторинг деректерін жинауды, өңдеуді, сақтауды және уәкілетті органдарға және ақпараттық жүйелерге беруді қамтамасыз етеді; жер асты суларының ағымдағы жай-күйін талдауға және бағалауға, оның ішінде өзгерістерді болжауға қатысады; табиғи ресурстарды пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жер асты суларын қорғау талаптарын сақтауын бақылайды; жер асты суларын пайдаланатын объектілерге лицензияның болуына, ұңғымалардың техникалық жай-күйіне, алу көлемдеріне және суды пайдалану шарттарына сәйкестігіне тексеру жүргізеді; жер асты суларын қорғау мәселелері бойынша геологиялық, табиғатты қорғау және санитарлық органдармен, сондай-ақ ғылыми мекемелермен өзара іс-қимыл жасайды; экологиялық қауіпсіздікке қатер немесе бұзушылықтар анықталған кезде ұңғымаларды пайдалануды тоқтату, шектеу немесе тоқтату бойынша ұсыныстар дайындайды; жер асты суларын кешенді пайдалану және қорғау схемаларын әзірлеуге және бекітуге қатысады; уәкілетті органдар мен жұртшылықты өзінің құзыреті аймағындағы жер асты суларының жай-күйі мен пайдалану режимі туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді;
- 101) Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану мақсаттары үшін мемлекеттік меншіктегі жер учаскелеріне құқықтар беру және оларды резервке қою;
- 102) жер учаскесіне құқықтарды осы Кодекстің 108-бабына сәйкес жасалатын жер қойнауы учаскесін сенімгерлік басқару шарты негізінде сенімгерлік басқарушыға қайта рәсімдеу;

103) берілген кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензиялар және кең іздеушілікке арналған лицензиялар туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету;

104) жер учаскесін беру және өзге де жер қатынастары мәселелерін қарау жөніндегі облыстық комиссиясының;

- Маңғыстау облысындағы кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған шарттар бойынша комиссиялар;

- облыстағы кең таралған пайдалы қазбаларды барлау немесе өндіру үшін жер қойнауын пайдалану жөніндегі сараптама комиссиясы

105) Басқарманың цифрландыруды жүзеге асыру бойынша шаралар қабылдау;

106) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 15 тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 11.09.2025 № 198 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Басқарманың қызметін ұйымдастырады және басқарады;

2) Басқармаға жүктелген міндеттер мен қызметтердің, облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімі орынбасарының тапсырмаларының орындалуына дербес жауапты болады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Басқарманың қызметкерлерін, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшылары мен орынбасарларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

4) ерлер мен әйелдерді басшылық қызметке ұсыну кезінде гендерлік теңгерімнің сақталуын қамтамасыз ету;

5) Басқарманың атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) барлық мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда Басқарманың мүддесін білдіреді;

7) келісімшарттар жасасады;

8) сенімхаттар береді;

9) банктік шоттар ашады;

10) өз уәкілеттігі шегінде Басқарманың барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің бірінші басшыларына орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) Басқарманың қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшыларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мадақтау шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

12) сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне қарсы әрекеттерді күшейту бойынша шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына дербес жауапты болады;

13) бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуге жауапты болады;

14) Басқарманың қаржылық-шаруашылық қызметіне және оған берілген мүліктің сақталуына дербес жауапты болады;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және облыс әкімдігімен оған жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады;

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады;

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма қарамағындағы ұйымдарының тізбесі

1) Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Бейнеу ормандар және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Сам ормандар және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Қызылсай" мемлекеттік өңірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

4) Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Маңғыстау-құм қорғаны" коммуналдық мемлекеттік мекемесі".

Ескерту. 24 тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 16.02.2026 № 33 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2025 жылғы "19" ақпандағы
№ 50 қаулысына 4 қосымша

"Маңғыстау облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Маңғыстау облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Маңғыстау облысының аумағында сәулет, қала құрылысы, құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруының қадағалау мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, пошталық индексі 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14 шағын аудан, № 1 ғимарат.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

Маңғыстау облысы аумағында сәулет, қала құрылысы, құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты Маңғыстау облысының аумағында іске асыру;

өз құзыреті шегінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

Маңғыстау облысының дамытудың даму бағдарламасында белгіленген "Құрылыс жұмыстарының нақты көлемінің индексі" және "Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы" нысаналы индикаторларына қол жеткізу.

Ескерту. 13 тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 26.03.2025 № 74 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті актілерді қабылдау;

заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

өз құзыреті шегінде комиссияларды құру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарманың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап арыздар беру;

өз өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін беру;

заңнамалық актілерде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау;

Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыс әкімінің тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

ҚР "Азаматтық қорғау туралы" Заңында көзделген талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;

Басқарманың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру;

Басқарманы цифрландыру және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдау;

Басқарманың құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы іс-шараларын ұйымдастыру, жоспарлау және орындалуын қамтамасыз ету жұмыстарын жүзеге асыру.

Ескерту. 14 тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 26.03.2025 № 74 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

15. 1) Маңғыстау аумағында құрылыс, сәулет және қала құрылысы жұмыстарын мемлекеттік реттеу әдістерін әзірлеу жөнінде ұсыныстар дайындау;

2) Қазақстан Республикасында құрылыс, сәулет және қала құрылысы мәселесі бойынша мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу және жетілдіру бойынша жөнінде ұсыныстар дайындау;

3) облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді бағдарламаларын әзірлеу жөнінде ұсыныстар дайындау;

4) сәулет, қала құрылысы, құрылыс, құрылыс индустриясының өндірістік базасын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

5) төтенше дүлей зілзала салдарынан қиратылған азаматтық және тұрғын үй мақсатындағы нысандарын қайта жаңғырту және күрделі жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру;

6) облыстық маңызы бар аудандар мен қалалардың құрылыс органдарының жұмысын ұйымдастыру және әдістемелік қамтамасыз ету;

7) жобалау және құрылыс мердігерлермен шарттар жасасу;

8) жасасылған шарттарға сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілген қызметтерді сатып алуды қаржыландыру;

9) мердігерлермен жасасылған шарттық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету;

10) салынып біткен объектілерді пайдалануға беру жөніндегі жұмыстары ұйымдастыру;

11) тұрғын үй жобалауға және салуға бюджетті несиелендіруді қамтамасыз ету;

12) қайтарымдылық негізінде бөлінген қаражаттың есепке алынуы мен қайтарылуын қамтамасыз ету;

13) құрылыстың барлық кезіндерінде құрылыс процесіндегі тапсырыс берушінің техникалық қадағалауын және жоба әзірлеушінің авторлық қадағалауын ұйымдастыру жөніндегі функцияларды жүзеге асыру;

14) аумақтарда қала құрылысын жобалаудың (облысты немесе оның бір бөлігін аудандық жоспарлау жобасының) кешенді схемасын, облыс аумағындағы елді мекендердің белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

15) халқының есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қаланың бас жоспарының жобасын кейіннен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітітуіне ұсыну үшін облыстық мәслихаттың қарауына енгізу;

16) облыстық мәслихат мақұлданған, халқының есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарын әзірлеуді ұйымдастыру және оларды Қазақстан Республикасы Үкіметіне бекітуге ұсыну;

17) ведомстволық бағынысты әкімшілік -аумақтық бірлік аумақтарында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын (аудандық жоспарлау жобаларын), сондай-ақ қалалық мәслихат мақұлданған, халқының есептік саны жүз мың тұрғынға дейінгі облыстық маңызы бар қалаларды дамытудың бас жоспарларын облыстық мәслихаттың бекітуіне ұсыну;

18) аумақты абаттандыру және инженерлік қамтамасыз ету қағидаларын, сондай-ақ тұрғын үй қорын, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы өзге де ғимараттар мен құрылысжайларды, инженерлік коммуникацияларды, мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтау және күтіп ұстау қағидалары құқықтық актілерін дайындау кейіннен облыстық мәслихаттың бекітуіне ұсыну;

19) облыс елді мекендерінің шекарасы шегінде Қазақстан Республикасының орман қорына кірмейтін жасыл екпелерді жасау, күтіп –баптау және қорғау қағидалары құқықтық актілерін дайындау кейіннен облыстық мәслихаттың бекітуне ұсыну;

20) салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган белгіленген тәртіппен жүргізу;

21) облыстық мәслихатқа Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қарамағындағы әкімшілік-аумақтық бөліністердің шекаралырын белгілеу немесе өзгерту жөнінде құрушы факторларға ықпал ететін ұсыныстар дайындау;

22) облыстық маңызы бар қалалар бас жоспарларына келісім беру;

23) елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын (қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын, жоспарлау жобаларын) дамыту үшін әзірленетін қала құрылысы жоспарларын (егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын, құрылыс жобаларын) бекіту және іске асыру;

24) құрылыстарды, үйлерді, ғимараттарды, инженерлік және көлік коммуникацияларын салу, кеңейту, техникамен қайта жаратандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу туралы, сондай-ақ, аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру мен көгалдандыру, аяқталмаған құрылыс объектілерін консервациялау, облыстық маңызы бар объектілерді кейіннен кәге жарату жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдер қабылдау;

25) пайдалануға берілетін объектілердің (кешендердің) актілерін тіркеу және есебін жүргізу;

26) облыс аумағында сәулет-құрылыс бақылау мен қадағалау мемлекеттік органдардың жұмысына жәрдемдесу;

27) халқының есептік саны жүз мың тұрғынға дейінгі облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарлары жобаларының кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізуді ұйымдастыру;

28) жергілікті бюджет, сондай-ақ жергілікті бюджет инвестициялық жобаны қаржыландыруға бөлінген республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын объектілердің және кешендер құрылысының жобалау алдындағы құжаттамаларын (жобалау-сметалық) қарау және бекіту;

29) құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласында атқарылған жұмыстар туралы тұрғындарды ақпараттандыру. Құзыретіне кіретін мәселелер бойынша тусіндірмелер беру;

30) инженерлік инфраструктураны дамыту;

31) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін әзірлеу;

32) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау;

33) өздерінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;

34) облыс елді мекендерін дамыту мен салуды кешенді жоспарлау мақсатында экология, көліктік жоспарлау, мәдениеттану, сәулет, қала құрылысы және әлеуметтану салалары бойынша принциптерді ескере отырып, урбанистика бағытын құру жөнінде ұсыныс енгізу;

35) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 15 тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 26.03.2025 № 74 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Басқарманың қызметін ұйымдастырады және басқарады;

2) Басқармаға жүктелген міндеттер мен қызметтердің, облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімі орынбасарының тапсырмаларының орындалуына дербес жауапты болады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Басқарманың қызметкерлерін, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшылары мен орынбасарларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

4) ерлер мен әйелдерді басшылық қызметке ұсыну кезінде гендерлік теңгерімнің сақталуын қамтамасыз ету;

5) Басқарманың атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) барлық мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда Басқарманың мүддесін білдіреді;

7) келісімшарттар жасасады;

8) сенімхаттар береді;

9) банктік шоттар ашады;

10) өз уәкілеттігі шегінде Басқарманың барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің бірінші басшыларына орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) Басқарманың қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшыларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мадақтау шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

12) сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне қарсы әрекеттерді күшейту бойынша шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына дербес жауапты болады;

13) бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуге жауапты болады;

14) Басқарманың қаржылық-шаруашылық қызметіне және оған берілген мүліктің сақталуына дербес жауапты болады;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және облыс әкімдігімен оған жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады;

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады;

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы
ЕРЕЖЕ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Маңғыстау облысының аумағында мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, пошталық индексі 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14 шағын аудан, № 1 ғимарат.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

- 1) жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- 2) жастарды елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тарту;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де мақсаттар.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті актілерді қабылдау;

заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

өз құзыреті шегінде комиссияларды, жұмыс топтарын құру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарманың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап арыздар беру;

заңнамалық актілерде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау;

Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыс әкімінің тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

ҚР "Азаматтық қорғау туралы" Заңында көзделген талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;

Басқарманың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру;

Басқарманы цифрландыру және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдау;

Басқарманың құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы іс-шараларын ұйымдастыру, жоспарлау және орындалуын қамтамасыз ету жұмыстарын жүзеге асыру.

Ескерту. 14 тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 26.03.2025 № 74 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

15. Функциялары:

- 1) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру;
- 2) мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың өзекті проблемаларын анықтау және шешу, тиімділігін арттыру үшін жастардың қажеттіліктеріне мониторинг және бағалау жүргізуді қамтамасыз ету;
- 3) уақытша бос жүрген жастар үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді, сондай-ақ біліктілікті арттыруды қамтамасыз ету;
- 4) жастарды жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру саясатының іске асырылуын қамтамасыз ету, еңбек нарығының және жас мамандарды жұмысқа орналастыру практикасының мониторингін ұйымдастыру;
- 5) жастардың волонтерлік қызметін және жастардың өзін-өзі басқаруын дамытуға жәрдемдесу;
- 6) жастар ресурстық орталықтарын құру, олардың қызметін қамтамасыз ету және үйлестіру;
- 7) мемлекеттік жастар саясаты, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері бойынша және конфессияаралық келісім мен діни толеранттылықты нығайту бойынша жастар ұйымдарымен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- 8) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, іске асыру мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;
- 9) мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыру;
- 10) талантты жастарды және перспективалы жастар шығармашылық ұжымдарын іздеуге және қолдауға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыру;
- 11) жастар арасында конфессияаралық келісім мен діни толеранттылықты нығайту бойынша түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыру;
- 12) жастардың өңірлік форумын өткізуді қамтамасыз ету;
- 13) қазақстандық патриотизмді, конфессияаралық келісім мен этносаралық толеранттылықты нығайту жөнінде шаралар қолдану;
- 14) жастар еңбек жасақтарын құру, ұйымдастыру, қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың қызметіне мониторинг жүргізу;
- 15) жастардың даму индексін іске асыру жөніндегі іс-шаралардың өткізілуін қамтамасыз ету;
- 16) облыстың даму басымдықтарын ескере отырып, жастарға арналған сатып алу және (немесе) жекешелендіру құқығынсыз жеңілдікпен жалға берілетін тұрғын үй беру жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу және бюджет есебінен іске асыру;
- 17) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функциялар.

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Басқарманың қызметін ұйымдастырады және басқарады;

2) Басқармаға жүктелген міндеттер мен қызметтердің, облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімі орынбасарының тапсырмаларының орындалуына дербес жауапты болады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Басқарманың қызметкерлерін, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшылары мен орынбасарларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

4) ерлер мен әйелдерді басшылық қызметке ұсыну кезінде гендерлік теңгерімнің сақталуын қамтамасыз ету;

5) Басқарманың атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) барлық мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда Басқарманың мүддесін білдіреді;

7) келісімшарттар жасасады;

8) сенімхаттар береді;

9) банктік шоттар ашады;

10) өз уәкілеттігі шегінде Басқарманың барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің бірінші басшыларына орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) Басқарманың қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшыларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мадақтау шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

12) сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне қарсы әрекеттерді күшейту бойынша шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына дербес жауапты болады;

13) бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуге жауапты болады;

14) Басқарманың қаржылық-шаруашылық қызметіне және оған берілген мүліктің сақталуына дербес жауапты болады;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және облыс әкімдігімен оған жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады;

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады;

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма қарамағындағы ұйымдарының тізбесі

Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының "Маңғыстау облысының жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.